

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 13 маусымдағы № 79 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 3 желтоқсандағы № 210 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі техникалық реттеу туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 9 қосымша) 8-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 2 қосымшаның 8-тармағына сәйкес, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 25 желтоқсандағы № 294 шешімімен бекітілген оған қатысты Кеден одағы шеңберінде міндетті талаптар белгіленетін өнімді (тауарларды) Кеден одағының кедендік аумағына әкелу тәртібі туралы ереженің 2-тармағының "в" тармақшасын іске асыру мақсатында Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 13 маусымдағы "Оларға қатысты кеден декларациясын беру Кеден одағының "Жеке қорғану құралдарының қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 019/2011) талаптарына сәйкестікті бағалау туралы құжатты ұсынумен қоса жүретін өнімдер тізбесін бекіту туралы" № 79 шешіміне өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң, бірақ ерте дегенде Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2019 жылғы 28 мамырдағы № 55 шешімі күшіне енетін күннен кейін күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2019 жылғы 3 желтоқсандағы
№ 210 шешіміне
ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 13 маусымдағы № 79 шешіміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. Атауы және 1-тармақ "сәйкестікті бағалау туралы құжатты" деген сөздерден кейін "(сәйкестікті бағалау туралы құжат туралы мәліметтерді)" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Көрсетілген Шешіммен бекітілген Оларға қатысты кеден декларациясын беру Кеден одағының "Жеке қорғану құралдарының қауіпсіздігі туралы" техникалық

регламентінің талаптарына сәйкестікті бағалау туралы құжатты ұсынумен қоса жүретін өнімдер тізбесінде:

а) атауы "сәйкестікті бағалау туралы құжатты" деген сөздерден кейін "(сәйкестікті бағалау туралы құжат туралы мәліметтерді)" деген сөздермен толықтырылсын;

б) 1-бөлімде:

"Қолды механикалық факторлардан қорғаудың жеке қорғану құралдары" кіші бөлімінде "Қолғаптық трикотаж бұйымдар, балаларға арналғандардан басқасы" позициясында ", балаларға арналғандардан басқасы" деген сөздер алып тасталсын;

"Қолды механикалық факторлардан жеке қорғау құралдары" кіші бөлімінен кейін мынадай мазмұндағы кіші бөліммен толықтырылсын:

"Қолды судан және улы емес заттардан қорғайтын жеке қорғану құралдары		
Қолды судан және уытты емес заттардың ерітінділерінен қорғайтын биялайлар мен қолғаптар	3926 20 000 0-ден 4015-тен 6216 00 000 0-ден	сәйкестік туралы декларация";

"Аяқты тайғанаудан қорғайтын жеке қорғану құралдары" деген кіші бөлімнен кейін мынадай мазмұндағы кіші бөліммен толықтырылсын:

"Аяқты судан және уытты емес заттардың ерітінділерінен қорғайтын жеке қорғану құралдары		
Судан және уытты емес заттардың ерітінділерінен қорғау үшін полимерлік материалдардан жасалған қалыпты резиналық немесе құйма арнайы етіктер	6401-ден	сәйкестік туралы декларация";

"Басты қорғайтын жеке қорғану құралдары" деген кіші бөлімдегі "Мотоциклдар мен мопедтердің жүргізушілері мен жолаушыларына арналған қорғану шлемдері" деген позиция алып тасталсын;

"Есту органын қорғайтын жеке қорғану құралдары" кіші бөлімінде "сәйкестік туралы декларация" деген сөздер "сәйкестік сертификаты" деген сөздермен ауыстырылсын.